

2011 жылдың 4 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 346-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 қыркүйекте № 7208 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 459-ө Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011.12.27 № 459-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағын орындау
ү ш і н

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылдың 4 тоқсанына арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 проценті мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2011 жылдың 3 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2011 жылғы 28 маусымдағы № 235-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 7051 тіркелген және «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 15 шілдедегі № 299-300, « Казахстанская правда» от 09.07.2011 г., № 215-216 газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек департаменті (К.А.Манабаева) осы бұйрықты:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.А.Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 қазаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Г. Әбдіқалықова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК